

## №15 ДӘРІСТІҚ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

Дәріс 15 Нанодисперсті күйдегі заттардың уыттылығы

**Дәріскер:** Керимкулова Алмагуль Рыскуловна  
Химиялық физика және материалтану кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры

**Дәрістің мақсаты:** нанобөлшектердің адам денсаулығына зиянды әсерінің негізгі себебін бөліп көрсете білу. Зиянды әсерлерді азайту жолдарын білу.

Зиянсыз заттарды қатты ұнтақтағанда олар денсаулыққа қауіпті болатыны нанотехнологиялардың пайда болуына дейін де белгілі болды. Ежелгі дәуірдегі мырышты қорытумен айналысатын адамдар мырыш безгегінен – мырыш буларының жануы кезінде түзілетін жоғары дисперсті күйдегі мырыш оксидінің аэрозольдерімен тыныс алудан туындайтын өкпе ауруынан азап шекті. Мұндай ауру қазіргі кезде де, әсіресе қуюшылар мен дәнекерлеушілер арасында кездеседі және мырыш буларымен қоса басқа металдар (мыс, темір, қорғасын және олардың оксидтері) аэрозольдері әсерінен пайда болады.

Денсаулыққа автомобильдер қозғалтқыштарында, электростанцияларда органикалық жанармайдың толық жанбауы кезінде түзілетін және шылым шегу кезінде өкпеге көп мөлшерде баратын көміртек нанобөлшектерімен дем алу ең үлкен зиян келтіреді. Өкпенің қорғауши механизмдері әдеттегі органикалық және минералды шаңға қарағанда көміртекті шанды өңдеуге не жоюға қабілесіз – ол өкпеде мәңгі қалып, бронхиолалар мен альвеолалардың рефлекторлы тарылудың тудырады, осының есебінен тиімді тыныс саңылауы және сәйкесінше қанға баратын оттегі мөлшері азаяды.

Нанокүйдегі заттардың сипатты ерекшелігі – ағзаның қорғауши жүйелері арқылы «өту» қабілеті. Мысалы, бірнеше жұз нанометрден ұсақ бөлшектер өкпе ішіндегі кеңістікке оңай енеді, ал наномөлшерлі бөлшектер өкпеден қанға еркін өтеді. Дәл осылай адам ағзасына күрделі табиги нанобөлшек болып табылатын тұмау вирусы түседі. Тыныс жүйесінде бөлшектердің тұну ықтималдығы олардың мөлшеріне байланысты. Ол мөлшері 1 нм - дең 50 нм - ге және 3 мкм-дең ондаған мкм-ге дейінгі бөлшектер үшін зор, ал мөлшері 300 нм бөлшектер үшін минималды, мөлшері 20 нм бөлшектер өкпеде, мөлшері 5 нм бөлшектер ауатамырда (бронх), ал мөлшері 1 - 5 нм және 1 мкм-дең жоғары бөлшектер жүткіншақта жиналады. Өте ұсақ нанобөлшектер жасушалы мембраналар арқылы өтіп, митахондрияларда жиналып, олардың құрылымын бұзады. Өкінішке орай, наноматериалдардың адам денсаулығына қауіптілігі өкпенің

респираторлы зақымдалуымен шектелмейді. Өкпе қабығы мен көк еттің қатерлі ісіктерін тудыратын асбест шаңының  $(\text{Na}_2(\text{Fe}^{2+}, \text{Mg})_3\text{Fe}^{3+}[\text{Si}_8\text{O}_{22}])(\text{OH}, \text{F})_2$  крокидититі) әсері бәріне мәлім.

Нанобөлшектердің өкпеге енуі біздің қалауымызсыз жүзеге асса, теріге адамдар өз еркімен тигізеді – нанобөлшектер дермотологтар мен косметологтар ұсынған көптеген майлардың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Теріні «жасартуға» арналған майлар құрамында наномөлшерлі липосомалар, ал «күнге күюге қарсы» майлар құрамында күн спектрінің УФ-бөлігін жұтатын титан және мырыш оксидтерінің нанобөлшектері болады. Бірақ ешкім нано-  $\text{TiO}_2$  тері ішіне еніп, эпидермада (терінің беттік қабаты) майды жаққаннан 8 сағаттан кейін анықталатыны туралы ойланбайды. Мұндай майларды жаппай қолданудан бастап тері қатерлі ісігінің науқастығы, мысалы АҚШ-та 90 %-ға артқаны ғажап емес. Өйткені  $\text{TiO}_2$  және  $\text{ZnO}_2$  нанобөлшектері өнеркәсіптік қалдықтардың ғана емес, сонымен қатар басқа да органикалық заттардың, соның ішінде майлар мен жасушалы органеллалардың құрамдас элементтерінің фотототығуының жоғары эффективті катализаторлары. Сонымен қатар, көмірсулар мен протеиндердің жартылай тотығуы канцерогенді заттардың түзілуіне әкелуі мүмкін. Қазіргі кезде бұл процесті нанобөлшектер бетін модификациялау арқылы басуға тырысада. Тыныс жүйесі мен теріге қараганда нанобөлшектердің ішек-қарын жолындағы әрекеті аз зерттелген, олардың ағзадан тез шығарылатыны ғана белгілі.

Түрлі нанобөлшектер туралы жиналған білімге сүйене отырып, олардың адам денсаулығына зиянды әсерінің уш негізгі себебін бөліп көрсетуге болады. Біріншіден нанобөлшектің негізгі заты улы болуы мүмкін, мысалы, жартылай өткізгіштер нанобөлшектердің колloidты ерітінділері жағдайында жеке жасушалардың зақымдалу себебі кадмий селенидінің  $\text{CdSe}$  суда ерігіш бөлшектері болып табылады.  $\text{CdSe}$  цитоуыттылығы тотығу кезінде бөлінген кадмий мөлшерімен арақатынастық орнатады және  $\text{ZnS}$  немесе  $\text{SiO}_2$  қабыршағымен қаптағанда көп есе азаяды. Басқа мысал ретінде берилій оксидінің, металды берийлидің және оның қосылыстарының ультрадисперсті бөлшектерін келтіруге болады. Олармен дем алу баяу дамитын және өлімге әкелетін өкпе ауруын – бериллозды тудырады. Ал тұтас  $\text{BeO}$  инерttі және денсаулыққа зиянсыз материал. Бұл оксидтің жоғары реакциялық нанобөлшектері өкпе жасушаларына барып, фосфатазаны ингибирлейтін және жасушалардың өлуін тудыратын ерігіш  $\text{Be}^{2+}$  фосфатты комплексін береді.

Екіншіден, ағзаға енген нанобөлшектер өздігінше зиянсыз болғанымен, олардың кейбіреулері улы заттардың түзілуінде катализатордың рөлін атқаруы мүмкін. Органикалық заттардың фотототығуын катализдейтін  $\text{TiO}_2$  нанобөлшектері және металл (әсіресе, мырыш) безгегін тудыратын кейбір металл оксидтерінің нанобөлшектері дәл осылай әрекет көрсетеді.

Және соңында, заттың ағзаға өзіндік әсері оның нанокүйде болуымен тікелей анықталады. Мысалы, ыдыстар дайындауда кеңінен қолданылатын химиялық инертті және қауіпсіз фторопласт полимері ауада диаметрі 26 нм нанобөлшектер күйдегі өте аз концентрацияда-ақ ( $60 \text{ мкг}/\text{м}^3$ ) өкпеде қан құйылуын тудыратын егеуқүйрықты 30 минутта өлтіруге қабілетті. Фторопластты нанотозаң ауадағы концентрациясы  $500 \text{ мкм}/\text{м}^3$  болғанда егеуқүйрықты жарты сағатта өлтіретін жүйке байлаушы әсері VX әскери улағыш затына қарағанда бірқатар улы екеніне сену қыын!

Кремний диоксидінің  $\text{SiO}_2$  нанобөлшектерінің аэрозольдерімен дем алу силикозды өкпенің созылмалы бұзылуын тудырады, ал макрокристалды күйде ол мұлде қауіпсіз – бұл әдеттегі құм. Сонымен, нанобөлшектер спецификасы үшін химиясы (үзілген байланыстар, адсорбцияланған молекулалар) көлемдік материалдың химиясынан ерекшеленетін бет рөлі өте маңызды. Сонымен қатар, нанобөлшектер жасушаға еніп, түрлі органикаларға жабысып, ДНК-ны деформациялауға қабілетті болады да, құрылымдық күзелістер мен мутацияларды тудырады.

Наноуыттылық дәрежесінде белгілі бір маңызға нанобөлшектер formasы ие. Анизатропты нанобөлшектер (мысалы, асбест талшықтары) фиброз бен өкпе қатерлі ісігі қауіпінің артуымен ассоцияланады. Көміртекті нанотүтіктер аэрозолі тышқандар өкпесіндегі талшықтар өсуіне және біріктіруші ұлпаның қалындағы түсүне әкеледі. Сонымен қатар нанотүтіктер эпидермисіне түсіп, тері жасушасының ісіп қызару үдерістерінің модуляторы болып табылатын цитокиннің бөлінуін тудырады.

Өкінішке орай, наноқұрылымданған материалдардың улы дозалары белгісіз – олардың тек ең улылары үшін өлімге алып келетін дозасының төменгі шегін ғана анықтауға болады. Ол үшін әскери тәжірибелерге сүйену қажет. Олар өздерінің зерттеулерінде ең улы заттардың өлімге алып келетін дозаларын олардың молярлы массаларымен байланыстыратын токсоида деп аталатын эмпирикалық функцияны қолданады. Оның «өлімге алып келетін дозалы логарифмі – молярлы масса логарифмі» координаталарындағы графигі түзу түрге ие (сурет.). Барлық химиялық заттар бұл түзуден жоғары орналасады деп саналады, одан төмен зат жоқ, ал токсоиданың өзіне берілген молярлы массалы ең улы заттар түседі. Нанобөлшектер болуы мүмкін аудан **суретте** белгіленген.

Сонымен, бүгінгі таңда наножүйелер уыттылығы зерттелмеген. Галымдарға болашақта ғалымдар наноқұрылымды заттардың улы дозаларының анықталатынына, оларға қарсы тиімді қорғау әдістерінің табылатынына үміттену ғана қалып тұр, ал әзірше нанообъектілермен жұмыс жасау кезінде абылдық таныту қажет.

